

**А. Сейтбек, Қаржы полициясы академиясының 3-бағам тыңдаушысы
Ғылыми жетекшісі: М. Ө. Досанов, Қаржы полициясы академиясының
қылмыстық және қылмыстық іс-жүргізу кафедрасының аға оқытушысы**

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ ӨЗІНЕ ӨЗИ ҚОЛ САЛУДЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміздің болашағы ол – ертеңгі жастар. Аға буынның орнын жас буынның ауыстыруы ол – өмірдің заңдылығы. Сондықтан да жастарды заңды сыйлайтын, өз құқығын білетін, көкірегі ояу, өз ісіне жауаптылықпен қарайтын және ең бастысы патриот етіп тәрбиелеу қазіргі уақытта ереше маңызға ие болып отыр.

Ел Президентінің өзі «Қазақстан 2030» халыққа жолдауында жас ұрпақтарды тәрбиелеудің аса маңызды екіне көңіл аударады. Дегенімен еліміздің ертеңгі болашағы саналатын жастар тәрбиесі уыстан шығып бара жатқанын аңғаруымызға болады.

Жалпы алғанда қылмыс, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс – өзгермелі құбылыс. Бүгінгі таңда Қазақстанның өмірінің барлық саласында болып жатқан өзгерістер кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарының жай-күйіне, құрылымына және динамикасына өзіндік әсерін тигізуде. Сонымен қатар қоғамдағы қылмыстың «жасаруына» соңғы кездері әлеуметтік жетімдіктің қанатын кеңге жаюы да ықпал етуде. 2009 жылдың I жарты жылдығында жасөспірімдерге қатысты 2478 қылмыстар тіркелген. 450 кәмелетке толмағандар ішкі істер басқармасына профилактикалық есепке алынған. 2010 жылы бұл көрсеткіш 3076 қылмысқа өсіп отыр. 2010 жылдың желтоқсан айында әр түрлі құқық-бұзушылық пен қылмыс жасағандары үшін 363 кәмелетке толмағандар ішкі істер басқармасына профилактикалық есепке алынған.

Еліміздің Бас прокуратурасы балалар суицидіне байланысты зерттеу жүргізіп, оларды өлімге итермелейтін факторларды анықтауға тырысқан. Бірінші кезекте баланың әлеуметтік-психологиялық жағдайы күрделі болуы мен тұрмыс деңгейінің төмендігімен байланыстырған. Алайда, осы күні жан қиып жатқан жеткіншектер арасында ауқатты отбасыдан шыққан балалар да бар. Бас прокуратураның мәліметіне сәйкес, 2004 жылдан бері суицидтің 1364 фактісі және 1146 әрекеттенуі болды, оның – 887-і қазамен аяқталған. 2005 жылы – 261, 2006 – 274, ал 2007 – 352 суицид тіркелген

Біздің пікірімізше, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын және сонымен қатар жүретін криминалдық суицидті болдырмау үшін мемлекет тарапынан кешенді құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, оқытушылық тәрбиелік іс шаралар тиімді әрі жүйелі түрде орындалуы тиіс. Бұл шараларға келесілерді жатқызуға болады: Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан жасөспірімдерге мемлекет тарапынан ақысыз оқытатын, үйрететін және жаттықтыратын спорттық секциялар, өнер, ән, би және түрлі аспаптарда ойнайтын үйір-мелерді көптеп ашу; жастардың психологиясымен айналысатын жоғары мамандандырылған психологтар мен мектептегі және өзге де оқу орындарындағы тәртіпті бақылайтын полиция инспекторларының қызметін одан әрі жетілдіру, арнайы дайындау және тек қалалы жердегі мектептерге ғана емес, сонымен қатар ауылды жердегі мектептерге енгізу; шетелдік кино-индустрия өнімдерінің ішіндегі қатыгездікті, аяусыздықты, жыныстық ауытқушылықты дәріптейтін кино фильмдерді көрсетуге тыйым салу және оларды таратушылармен күрес жүргізуді күшейту; жастарды бос уақытында қоғамдық пайдалы қызметпен айналысуға тарту және атқарған еңбектері үшін белгілі бір қаражат сомасын беру; жастардың құмартып ойнайтын ойын, компьютер клубтарының санын азайту; елімізде заңсыз сатылып жүрген ату қаруларын заңмен қудалауды барынша күшейту; тәрбиелік-білім берушілік: өскелең ұрпақты қазіргі өмірге даярлаудың бірегей жүйесін ұйымдастыру, дамыту және енгізу, жас ұрпақтың еңбек, азаматтық, патриоттық, имандылық және дене тәрбиесі, олардың жоғары жалпы мәдениетін қалыптастыру; отбасы мен жас ұрпақтың өмір сүруін қамтамасыз ететін ұйымдар мен мекемелер үшін мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру, кәсіптік даярлау жүйесін жетілдіру және одан әрі дамыту, барлық деңгейде тиімді әлеуметтік жұмысты жүзеге асыру; туа мүгедек болған балаларды сауықтыру, қиын жағдайға тап болған балаларды, жасөспірімдер мен жастарды сауықтыру және оңалту, мүгедек балаларды дәрігерлік-әлеуметтік сауықтыру, жетім балаларды, панасыз және қараусыз қалған кәмелетке толмағандарды, ұлтаралық немесе қарулы қақтығыстар құрбандарын, жұмыссыз жеткіншіктерді қоғамға барынша тарту шараларын жасау, жетім балаларды отбасы жағдайында тәрбиелеуге мүмкіндік беретін тетіктерді қалыптастыру және дамыту; жас ұрпақ пен отбасының өмір сүруін қамтамасыз етудің басым бағыттарына жету үшін қажетті материалдық база құру және экономикалық жағдайлар қалыптастыру, көп балалы, толық емес және дағдарысты отбасына, панасыз, қаңғыбас балаларға, сондай-ақ жетім балаларға атаулы әлеуметтік көмек көрсету; жастарды (ерте бастан) «ересек өмірге» даярлауды белсенді жүргізу – үдемелі танымдық, шығармашылық, еңбек қызметі арқылы қоғамға, отанға қызмет ету, жас ұрпақ өзінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің көп бөлігін өз бетінше шешуге қабілетті болған кезде белсенді өмір салтын қалыптастырып, дамыту, барлық жастағы талантты және дарынды балаларды қолдау; ювенальды медицина, ювенальды құқық, ювенальды әділеттің

ғылыми негізін жасау, арнаулы ғылыми ізденіс және ювенологиялық зерттеулер (іздетірумен қоса) жүргізу, түрлі санаттағы балалар мен пікірлес жас ұрпақ тәрбиеленетін түрлі типтегі отбасына әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық мониторинг ұйымдастыру, балалар мен кәмелетке толмағандар және жастар ортасында, кәмелетке толмаған балалары бар әртүрлі отбасыларда болатын түрлі жағдайлар туралы мәліметтер банкін қалыптастыру.